

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге салық ставкалары туралы

Қарағанды облысы Теміртау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 20 тамыздағы № 28/6 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 қыркүйекте № 4930 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексі 509-бабының 3-тармағы негізінде, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, қалалық мәслихат ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары көбейтілсін:

1 санат - жабық түрдегі жер үсті автотұрақтары, ашық түрдегі автотұрақтар. Ставка 10 есе ұлғайтылады;

2 санат - басқа мақсаттағы ғимараттарға қосылып салынған автотұрақтар, басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар. Ставка 9 есе ұлғайтылады;

3 санат - ғимараттар астында жер асты шығыңқы ірге немесе жер үстіндегі, төменгі қабаттарында, жертөлелерде орналасқан автотұрақтар. Ставка 8 есе ұлғайтылады.

2. Теміртау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 22 шілдедегі 40-сессиясының № 40 /17 "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген жерлерге базалық салық ставкалары туралы" шешімінің (Нормативтік құқықтық актіні мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8-3-123 тіркелген, 2011 жылы 12 қыркүйекте "Второе счастье" газетінің № 10 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Г.Мусина
А.Ломакин*